

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# XX ғас. I жарт. негізгі өнер бағыттары: МОДЕРНИЗМ

- Модернизмнің пайда болған уақытын 1863 ж байланыстырады, Парижде «Салон отверженных» ашылған кезен.



# Модернизм

постимпрессионизм

экспрессионизм

примитивизм

фовизм

кубизм

футуризм

ДАДАИЗМ

сюрреализм


абстракционизм

- Модернизм мен авангардизмге байланысты нақты теория мен топология жоқ. Бұл екі ұғым бір біріне кейде қайшы келеді, кейде бірін бірі алмастыра алады.

Модернизмнің негізгі ерекшеліктерінің бірі – қағидалы түрде көркем контекстен тәуелсіздік (әлеуметтік, саяси, діни); өнер туындысының маңызды негізі мен мазмұнын көркем формаға келтіру.

### Абстракционизм

В.Кандинский «Секущаяся линия», 1923



- Кескіндеме постимпрессионизмнен бастап, негізінен көргенді суреттеуді доғарып, картинада автордың көзқарасын, оның сезімін, оның көргенін суреттеп, бейнелеуде ең бастысы – көшіруге мүмкін емес шындықты салуға ниет білдіреді.

Авангардизм  
Марк Шагал «Прогулка», 1917/18

## Футуризм

Джакомо Балла «Скорость  
мотоцикла», 1913

- Өмірдегі кез келген құбылыс нақты және аяқталған формасына жеткеннен бұрын алдын ала бірнеше кезеңдерді басынан өткереді. Кескіндемеде модернизм әсіресе айқын және анық мүмкіндіктер қабылдады және сонысымен оны өнер зертханасы «авангард өнеріне» айналдырды.

- Модернизм классикалық дәстүрді бұзып деструктивті сипатталады. Еуропада алдыңғы қатарлы дамыған елдердегі көркем мәдениеттің құлдырауының алғашқы белгісі, әсіресе Ренессанстан бастау алған академиялық және салонды алдыңғы стильдерді қайталау болды. Алайда артынша дәрменсіз дәстүрлі нысандарды қайталау орнына суретшінің еркіндігіне жол ашқан жауынгерлік мойындамау келді.

## ФОВИЗМ

Анри Матисс «Дама в шляпе»


Архитектуралық модернизм – 1920-1930 жылдардағы еуропалық функционалды құрылыстар немесе 20 - жылдардағы мыңдаған үйлер бір жоба бойынша салынатын кеңестік рационализм сияқты сәулет өнерінің жеке бағыты. Модернизмнің архитектурадағы өкілдері: Ле Корбюзье, Оскар Нимейер, Рихард Нойтра, Вальтер Гропиус, Фрэнк Ллойд Райт.

Баухауз

Интернационалды стиль


Органикалық архитектура

Брутализм







Интернационалды стиль  
Ле Корбюзье




Баухауз  
Вальтер Гропиус



# КУБИЗМ



- Өнердің жаңа тілінің дамуына, бәлкім, «не үшін сурет салам?» деген сұрақ түрткі болған болар. XXғ. басында «дұрыс» сурет салуды кез келгенге үйрету мүмкін болды. Қарқынды түрде фото дамыды.




Анри Матисс

Пабло  
Пикассо

Жорж Брак


Фернан Леже

Хуан Грис




Кубизм – объектілердің деформациясы, оларды геометриялық тегістікке орналастыру және формалардың орын ауыстыруы негізінде құрылған ерекше көркем ағым. Француз критигі Луи Воксель 1908 жылы алғаш болып «кубист» терминін дұрыс үш өлшемді геометриялық фигуралар (цилиндр, куб, шар, конус) көмегімен шындықты бейнелейтін суретшіні мазақтау ретінде қолданды.

Жорж Брак «Женщина с гитарой»,  
1913




Кубизм стиліндегі картиналар түстік палитраға деген үнемділікпен, қарапайым формалармен( есік, ағаш, үй) ерекшеленеді. Бұл функция ерте «сезандық» периодта(1907-1909) жарқын қолданды. П.Сезанн әлемнің тұрақтылығы мен объективтілігін атады; ол қолданған қырлы көлемді формалар белгілі бір рельефті құрайды, ал түстер бір уақытта күшейіп, әлсізденіп қырларды көрсетеді. Кубизм 3 периодты басынан өткерді: сезандық, аналитикалық және синтетикалық.

П.Сезанн «Гора Сен-Виктуар»




- Кубизмнің қалыптасуына тікелей әсер еткен Поль Сезанның формалармен кескіндемедегі тәжірибелері болды. 1904-1907 жылдары оның туындылары қойылған көрмелер өтті. 1906 жылы салынған Пикассоның «Гертруда Стайн портретінде» Сезанның өнеріне елітеушілік білінеді.

П.Сезанн «Портрет женщины с  
кофейником»






1907-1908  
жылдары  
кубизм  
кескіндеме  
өнерінің ағымы  
ретінде  
қалыптасты,  
кубизмнің  
дәстүрлі түрде  
визитті  
карточкасы  
**Пабло**  
**Пикассоның**  
**1907 жылы**  
**салынған**  
**«Авиньонские**  
**девицы»**  
картинасы  
болып  
табылады.




- Кубистер дәстүрлі келешекті оптикалық иллюзия ретінде қабылдамады және ыдыраған формаларды біріктіріп, олардың бірнеше түрін бір картинаға біріктіріп үйлестіруге тырысты.

П.Пикассо «Домик в саду»



Формаларға деген жоғары  
қызығушылық түстерді саралауға  
алып келді: негізгі нысандағы  
фигуралар – жылы түс;  
өшірілгендері – суық түс.


П.Пикассо «Груши и яблоки», 1909




Генетикалық түрде кубизм экспрессионизме ұласады.

**Пабло Пикассо:**

«Біз кубизмді тапқанда, кубизмді ойлап табу мақсаты болған жоқ, біз өз ішіміздегіні білдіргіміз келді».



- Бастапқыда П.Пикассо иберийлік, африкандық өнер ықпалымен және Сезанның идеяларымен пішіндер мен заттардың кескіндерін жеңілдетіп ірілетті(кубизмнің ерте кезеңі 1907-1909ж). Мысал бола алатын туындысы - **«Фермерша»** 1908ж.




- Пикассоның 1909 жылдардағы көптеген натюрморттарында әр затқа деген көзқарасы әр түрлі екендігін байқауға болады: мысалы, «**Хлеб и ваза с фруктами на столе**» полотносында ваза мен жемістерге үстінен қаратылған, ал төңкерілген ыдысқа шетінен және біраз астынан, себебі оның түбі көрінбейді. Шебер барған сайын еркін бола түсті және «қалағанын істеді».

- Екінші кезең – талдау (1909-1912) нысандарды ұсақ егжей-тегжейлілікпен көрсетумен ерекшеленеді. Тұтас формаларды бөліктерге бөлу арқылы суретші нысандардың құрылымына еніп, оларды талдау жасауға, «нысандардан тұрақты элементтерді табуға» тырысады. Бұл нысандар мен жанрлардың шектеулі жиынтығына алып келді(натюрморт, пейзаж, портрет).

- Синтетикалық кезеңнің(1913-1914ж) негізі коллаж болды. Картиналар түрлі материалдар мен фрагменттердің(газет пен киім бөліктері, жапсырмалар қиықтары, сіріңке қораптары және имитациялар мен фактуралар). Суретші шындықты емес, сол нысан жайлы білетінін, оны қалай көретінін суреттеді. Пикассо мен Брак жиі өз полотноларына әріптер мен белгілер салатын. Жазбалар әдетте сурет мазмұнын ашпайды, бірақ суретшінің ойын түсінуге көмектеседі.


П.Пикассо «Картежник»,  
1914





- Осы кезеңде кубистік мүсіндеу қалыптасты.


П.Пикассо «Бокал абсента», 1914



- 1912 жылы **Альберт Глез бен Жан Метценженің «Кубизм жайлы»** монографиясы және **Андре Сальмонның «Молодая живопись современности»** еңбегі шықты. Критиктердің бағалауынша, кубизм модернизмнің ең радикалды ағымы. Себебі:
- «Ренессанстан бері бірқалыпты жұмыс істейтін дәстүрлерге батыл үзіліс».

- «Курбе, Мане, Сезанмен және импрессионистермен қол жеткізілген еркіндік кубизмді алмастырады. Енді, объективті білімді мойындап, табиғилықтың барлығы шартты екендігі дәлелденгенде, суретші дәмнен басқа заңдарды мойындамайды».
- Альберт Глез и Жан Метценже «Кубизм жайлы»

Хуан Грис «Жалюзи», 1914



- Кубизм – ХХғ. өнеріне зор ықпал етіп, 1920 – жылдары іс жүзінде өзінің өмір сүруін тоқтатты.

Футуризм

Орфизм

Пуризм

Вортицизм

Модернизмге қарама – қарсы пайда болған, көптеген адамдар түсіне бермейтін, постмодернизм - бәрін ойындық формаға әкеліп, массалық және элиталық тұтынушылар арасындағы қашықтықты жояды.

Постмодернизмде өзінің типологиялық белгілерімен өнер стилі қалыптасты. Міне стильдің белгілері:

- **дайын формалардың қолданылуы – бұндай өнердің негізгі белгісі.** Ондай формалардың тегіне еш назар аударылмайды: қоқысқа тасталған немесе дүкеннен сатып алынған күнделікті өмірде қолданылатын құралдардан бастап кез келген әлем өнерінің шедевріне дейін бола беруі мүмкін. Осылай бола тұра, постмодернизмде алынған форманың түрі өзгертіледі, жиі форма өзіне тән табиғи ортадан алынып басқа аймаққа орналастырылады.

Йозеф Бойс «Рояль в войлоке»

# Постимпрессионизм

## Поль Гоген

